




JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

АЛ ЕНДЕШЕ!

ҚАР ҮСТІНДЕ – ТАСЖОЛ




Біздің елде ғана бар «дәстүр»: қыста жол саламыз, жазда сол жолды бұзып су құбырын жүргіземіз. Былайша айтқанда, ешбір жұмыс өз уақытында, өз тәртібімен жасалмайды. Жолды жауын-шашынсыз жаздың жаймашуақ күнінде салуға болмайтын ба еді? Әлде, жазда жол салуға болмайды деген заң немесе әлдеқандай кедергі бар ма? Ал су құбыры ше? Қантай қып салып қойған жолды бұзбай құбыр тартуға немесе асфальт төсеуден бұрын судың мәселесін шешуге не кедергі? Неге, бізде бәрі керісінше жасалады?

Мәселен, Оралда әлдебір мердігер компания қақаған қыстың ортасында жол салған. Күн жылы да емес, сары аязда. Енді әлгі жауу жүргіншілер жолын салып, тақтатас төсеген мердігердің ісі сотта қаралатын болыпты. Орал қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің өкілдері тапсырылған жұмысты уақытылы орындамаған кәсіпкерді осылай жауапқа тартпақ көрінеді. Ал мердігер болса әкімдік өкілдерімен келіспей отыр.

Ақ қар, көк мұздың үстіне тақтатас төсеген жұмысшыларды көрген тұрғындар оларды ұялы телефондарына түсіріп, ғаламторға жүктелді. Әлеуметтік желіге салған белсенділер қыста салынған жол көктемде қармен бірге еріп кете ме деп күмәнданады. Алайда кәсіпкердің айтуынша, бұл жауу жүргіншілер жолы бастапқы жобада болмаған. Мердігер қала тұрғындарына өз қалтасынан осындай «тосын сый» жасамақ болған көрінеді.

Мердігер компанияның өкілі Сефа Әзизов Astana телеарнасына берген сұхбатында: «Осы аумақтағы жөндеген жолдан артық қалған өрнек-тастың біраз бөлігін біреулер ұрлап кетті. Қалған тасты осы жерге төсеп тасталық. Бұған бюджеттен бір тиын ақша шықпайды. Тротуарды талапқа сай жасадық. Жолдың астын жазда нығыздап қойғанбыз», – дейді. Бірақ қалалық

тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі мұнымен келіспей отыр.



Орал қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлім басшысының орынбасары Асылан Даубаев: «Мердігер мекеме аталған нысанды уақытында аяқтамаған. Сол себепті қыстың кезінде жұмыс жүргізіп, бізге тапсырғысы келген нысанды. Алайда құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталмауына орай, бүгінгі күні біз бөлімнің атынан сотқа талап-арыз жолдаған болатынбыз. Ақпан айында сот шешімін күтіп отырмыз», – дейді.

Жұмысқа көңілі толмаған жергілікті тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі келісімшартта көрсетілген 80 миллион теңгенің 20 миллионын төлемеген. Уақытында орындалмаған жұмыстың ақысын олар осылай бағалап отыр. Қалай болғанымен бұл дау енді сотта қаралады.

Айтпақшы, былтыр Оралда күрделі жөндеуге тиісті 30 жолдың 18-ін тапсырыс беруші мекеме қабылдап алыпты. Қалған жұмыс биыл аяқталуға тиіс. Ал межелі мерзімге үлгермеген екі кәсіпорынның ісі сотқа беріліп, келісімді орындамаған тағы екі мердігерге 5 миллион теңге айыппұл салынған.

Жарас ШӨКЕ

ОҚШАУ ОЙ

Негізгі мамандығы мұғалім болса да бұқаралық ақпарат құралдарында біршама жыл журналист болып істеген кейбір азаматтардың мектепке оралып, ұстаздық қызметтеріне қайтадан кірісіп жатқандығын естідім. Бұл ненің белгісі?

ЖУРНАЛИСТ БАҚ-ТА, МҰҒАЛІМ МЕКТЕПТЕ ЖҮРҮІ ТИІС!



Ұлы ақын Мағжан айтып кеткендей, алты алаштың баласы бас қосқан жерде төр – мұғалімдікі болған заман қайтадан орнап жатқан болар, сірә.

Екінші жағынан алып қарағанда, бұл – сөз кәдірі кетіп, қазақ журналистикасының пірі – Шерхан аға айтып кеткендей, арқалағаны – алтын, жегені – жантақ болған түйе жарықтықтың күйін кешкен қалам иелерінің жағдайын көрсеткендей.

Негізінде, о бастан журналистер – бұқаралық ақпарат құралдарында, ал мұғалімдер мектепте алған мамандықтарына сай қызмет атқаруға тиіс еді ғой. Әрине, олардың ішінде мұғалімдікті жаңылысып тандаған, бойында керемет журналистік дарыны бар алампардың кездесіп қалатындығы да рас. Бірақ ондайлар өте сирек.

Филолог, тарихшы сияқты мамандық алғаны туралы көк түгіл, қызыл дипломы бар жастардың бірсыпырасының журналистика ауылына қарай жылыстауының себебі әртүрлі: біреуі – мұғалімнің жалақысын азсынады, екіншісі – бала оқытуды қиямет көреді. Алайда көбінің бойына әу бастан сөз өнері қонбағандықтан, журналист ретінде жұлдызы жарқырап жана қоймайтыны анық. Енді ондайлар мұғалімнің жалақысы өсіп, мәртебесі көтеріліп жатқандығын көріп, ойлана бастаған болуы керек. «Аласканның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан сон».

Дегенмен бұл мықты тіл мамандарының газетке, телеарна мен радиоға мүлдем керегі жоқ деген сөз емес. Олар – корректор, стилист-редактор ретінде керек. Өйткені әлеуметтік желілердегі шаласуатты блогерлерді айтпағанда, кей ақпарат құралдарында грамматикалық, стилистикалық қате өріп жүретіндігі, өздерінің шешенсіген телерадиоарна жүргізушілерінің сөзді бұрмалап сөйлеп, халқымыздың тіл мәдениетіне нұқсан келтіріп жатқандығы жасырын емес. Сөз түзелмей жатқанда, сондай сөз бұзғыштар көбейіп кетті.

Ал «жантақ жеп жүрген» журналистердің жағдайын жақсарту қамын ақпарат және қоғамдық даму министрлігі күйттеуін күйттейді. Бірақ қазының кілтін ұстаған үкімет мүшелерінің тарапынан қолдау жетіспей жатқандығы айдаң анық. Ендігі үміт – парламент сайлауынан кейін тағайындалатын жаңа үкіметке кімдер келетіндігіне байланысты.

Кәрібай МҰСЫРМАН,
Парламент
Мәжілісінің депутаты

ӨЗ ОЙЫМ

АЙҚАЙЫ КӨП ОРТАДА АҚЫЛ БОЛМАЙДЫ



Қазақтың басты және айрықша қасиеттерінің бірі – тарих пен табиғаттың талаптарына, тығырықтарына бой алдырмай, бейімделе білуі. Қазақ тәзімді, шыдамды халық емес, қазақ өте ақылды, рационалды халық. Рационалды сана жоғарыда айтқан тарихи және табиғи жауапкершіліктен бастау алады. Табиғат та, саяси тарих та эволюция заңдарына бағынады. Ал эволюция ең мықтыны, ең ақылдыны, ең сұлуды таңдай бермейді, ең бейімделгіш, ең мығым, кез келген табиғи өзгеріске дайын, тағдыр төлкегіне әзір ағзаға ғұмыр береді, ұрпағын жалғастырады.

Жақында бір әріптесім «екі дуал концепциясы» туралы жақсы әңгіме айтты. «Қазақты құртқан, – дейді ол, – екі дуал: бірін тым ерте құлатсақ, екіншісін тым ерте құра бастаған екенбіз». Сонда айтпағы мынау: ел болмай, мемлекет болмай, көптеген құндылығымызды шашыратып алған жағдайда рухани шекарамызды қорғаған дуалды ерте қиратқанымыз қателік. Есесіне, басқа мәдениеттен, ортадан келген модаға еріп, содан «культ» жасап, сыртқы дуалдың орнына әрбір адам, әрбір отбасы жеке-дара дуалдарды құрып әлек болған. Мемлекеттің шекарасынан гөрі, бір көшедегі көршіні бөлген «заборлар» маңызды заманға да кетіп қала жаздалық қой! Рас қой, шын ғой!

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыздар)

OIL



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
419,37

EURO
518,9

РУБЛЬ
5,6

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Қарызын қайтарады қарды күреп



Қарағанды облысында 2014 жылдан бері екі баласына алимент төлемеген әкенің қарызы 3 722 021 теңгеге жетті. Берешегін өтеу үшін ол 300 сағат көше тазалауға міндеттелді.

Ағылшынның аса ықпалды «The Guardian» газеті жақында exclusive айдарымен оқығанды ойлантатын мақала жариялады. Тақырыбы ұзындау. Life has got worse since Arab spring, say people akross Middle East (Таяу Шығыс халқы: «Араб көктемінен» кейін өмір сүру қиындап кетті). Басылымның тапсырысы бойынша тоғыз мемлекетте сауалнама жүргізген You Gov әлеуметтану қызметі осындай тұжырым жасапты.

Көрі құрлықтағы тағы бір ықпалды ақпарат құралы — Euronews тілшісі де Азия мен Солтүстік Африка елдеріндегі қарапайым халықтың өзгерістен күткен үміті ақталмағанын айтады. Айта кеткен жөн, әлгі сауалнама нәтижесі мен телерепортаж саяси әдебиетке «Әл Сәурат Әл Арабийя» («Араб көктемі») деген атаумен енген түрлі-түсті төңкерістердің басталғанына 10 жыл толуына орай жарияланып отыр. Қайбір жылы америка сайттың да мазмұны осыған кеп саятын дүниені көзіміз шалған. Батыстың саяси элитасы, неше түрлі ұйымдары мен медиасы құмдағы дауылға дем беріп, төңкерісті демократияның дауылпаз құсына теңеп тастағаны күні кеше. Бұл көзқарастың түбегейлі өзгеруі ме, әлде мұның астарында басқа бір ақиқат бар ма? Мұның жауабын мамандар мен саясаттанушылар бере жатар. Біз «Араб көктемінің» сипаты мен салдарына тоқталайық.

қырдан, ойдан» деп басталатын өлеңін ескере түсіреді. Сағы сынған саудагер ақтық амал — өлімге бел байлайды.



Әңгіме басында айтылғандай, «Араб көктемі» оң өзгеріс әкеледі деп күткен көпшіліктің үміті неге ақталмады? Бұған капиталистік жүйенің табиғатын жетік білген Фридрих Энгельстің сөзімен жауап берген жөн секілді. Философ былай деген: «Төңкерістің мүлде күтпеген жаққа қарай кетіп қалатын мінезі бар». Бұдан түсінгеніміз, революция жасау мен оның мақсат-мұраты бір-бірімен астаса бермейді. «Гардианның» сауалнамасы көрсеткендей, төңкерістің зардабын тарта қоймаған Тунистің өзінде халық өкпелі. Олар соңғы он жылда бір министрдің орнына екіншісі келгенін, бірақ сол бұрынғы жүйе өзгермегенін айтады. («Әркімге») Жұмыс орны, еркіндік, ұлттық намыс! Бұл ұранды төңкеріс кезінде естігенбіз. Бірақ оларды сол күйі көрмедік. Еркіндік бар да шығар. Бірақ біз ансағандай емес. Газеттер не қаласа, соны жазды. Ол жазғаны қарапайым адамға не береді? Жұмыс тауып бере ме? Жок, бермейді!» дейді ашынған араб.

Иемен, Либия және Сирия жұрты да төңкерістің игілігінен гөрі кесірі көп деп есептейді. Әсіресе, Муаммар Каддафидің отандастары өткен күнді сағына еске алады. Аймақта жан басына шаққанда ең жоғары табыс осы елде еді. «Қара алтын» әлемді алақанында ойнататын ірі алпауыттардың көзқұртына айналған Либияда бензин болмашы тиын тұратын. Қазір ыңырашағы айналған бәдәуилер үшін ас та төк тамақ та, тұрақтылық та көзден балбұл ұшқан заман болып тұр. Таяу Шығыста ұзақ жыл дипломатиялық қызмет атқарған Александр Подчероб арабтың орындалмаған арманы туралы америкалық әріптесі айтқан мына бір пікірді келтіреді: «АҚШ-тың елшісі Девид Мек атап өткендей, либиялықтар демократияны әркімге баспана, жұмыс беру, денсаулықты қорғау деп біледі. Мектің пікірінше, олар демократияның сайлау, заңға бағыну екенін, оның әлеуметтік жеңілдік пен экономикалық өсімді бере алмайтынын түсінбейді».

Осы «түсінбеу» төңірегінде түрлі топшылау бар. Зерттеушілер мұны қоғамда шала сауатты, дүниетанымы шектеулі, тіпті қарадүрсін наданның көбеюімен байланыстырады. Мұндайлар ашынғанда ақ пен қараны ажырата алмай қалады. Қалтасы жұқаға ақша беріп, айдап салғанның сойылына айналалы. Мемлекет тарапынан жастардың үстірт емес, сапалы әрі терен білім алуына жағдай жасамаудың салдары бұл. Әлеуметтік желі арқылы түрлі-түсті төңкеріс ұйымдастырушылар алдымен осындай ортаны іздейді. Өткен ғасырдың аяғында қандастарының ойын-сауық қуып, оқу мен көкейге тоқудан қалып бара жатқанына ашынған арабтың бір қайраткері былай деп еді: «Олар оқымайды. Оқыса да түсінбейді. Түсінгеннің өзінде ойындағысын сөзбен жеткізе алмайды».

Жер-дүниені көгертепеген «Араб көктемінің» күллі ғаламаға сабақ боларлық тағы бір тағылымы осы болса керек.

Срайыл СМАЙЫЛ,
саяси иोलушы

«АРАБ КӨКТЕМІ» КӨГЕРТПЕДІ



сайлауға түспеуге де уәде берді. Бірақ жұрт оны тындамады. Олардың нан мен қара суды, билеушінің тақтан түсуін талап етті. 14 қаңтарда ешкім күтпеген оқиға болды. Бин Әли бәрін тастап, отбасымен бірге Сауд Арабиясына қашып кетті.

Мұны «демократияның салтанат құруы, саяси өзгеріс жасау өз қолымызда» деп қабылдаған араб елдерінде түрлі-түсті төңкерістер етек алды. Мысырдағы президент Хүсни Мубәракты қызметінен кетірді. Ал Йемен, Либия және Сирияда революция азамат соғысы мен сыртқы күштердің әскери шабуылына ұласты. Бұларға оңтайлы сәтті күтіп отырған түрлі лаңкестік топтар қосылды. Соғыста окқа ұшқандар мен жан-жаққа босып кеткен тұрғындар миллиондап саналады. Ескексіз қайыққа мініп, Еуропаға жайлы өмір іздеп аттанғандар қарасы әлі де үзілер емес. Теніздің долы толқыны жұтып қойған бейбақ қаншама?! Өу баста босқындарды құшақ жая қарсы алған кәрі құрлықтағылар бүгінде сансыз мұғажырдан құтылудың жолын іздеп әлек. БАҚ-тағы дүниелерге қарап, кезінде «Араб көктемін» қуана қолдаған еуропалықтар түрлі-түсті төңкерістің нысанасы көп боларына көз жеткізгендей.

Либияда есі шығып, еліргендер президент Муаммар Каддафиді өлтіріп қана қоймай, денесін қорлауға дейін барды. Қантөгістен көз ашпаған осы үш елде бейбіт өмірдің таны қашан атары әлі белгісіз. Тек Парсы Шығанағындағы мұнайға бай мемлекеттерде ғана билеушілер ақшаны үсті-үсті төгіп, ашу мен тізгіңсіз күшті ауыздықтай алды.

Наразылықтан туындаған ұшқынның жалына айналуына базардағы оқиға түрткі болды. Тунистің Сиди Бүзид шаһарының қақ төрінде бір саудагер өзін-өзі өртеп жібереді. 27 жастағы Мұхаммед Бүзидиді мұндай әрекетке итермелеген қиянат пен еректектің намысы еді. Себебі, жергілікті полиция қызметкері Фәдия Хамди оған «зансыз жеміс саттың» деп айыппұл салады. Кеудемсоқ келіншек онымен қоймай, жұрттың көзінше жігітті шапалақпен тартып жібереді. Қолы қысқа кембағалдың билік орындарына шағымданып, әділдік іздеуі қазақ ақыны Сәбит Дөнентаевтың «Бозторғай қорлық көріп тұрымтайдан, Таяныш таба алмапты

Оқыс оқиға қалың бұқараны шошытып жіберді. Күнкөріс қиындығы титықтатқан, жұмыс таппай сенделген, аяқтан шалатын тамыр-таныстық, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтан зәрезап болғандар бұл елде көп. Алдымен Бүзидидің туған қаласы Мәнзил Бүрзайанда жаппай шеру басталды. Оның аяғы мемлекеттік кенсе мен полиция бөлімшесін қиратуға, көшедегі көлікті өртеуге ұласты. Тәртіп сақшылары қару қолданды. Бір адам мерт болып, ондаған тұрғын жаракат алды. 2011 жылғы қаңтардың басында наразылық білдіру әрекеті бүкіл елге жайылды. Полициямен қақтығыс кезінде мерт болғандар көбейе бастады. Тунис президенті Зин Әл Әбидин Бин Әли халқына арнап бірнеше рет үндеу жолдады. Енді

ФОТОАЙҒАК

ВАШИНГТОН. КАПИТОЛИЙ. 6 ҚАҢТАР





KÖKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Қылбұрау

Жайшылықта үй мен қора-жайды қараусыз қалдыруға қорқатын едік. Енді автобус пен көлік жуу орындарында, дүкенде, бір сөзбен айтқанда, көз келген уақытта қайсыбір жерде өз-өзімізге ықтият болмасақ, ұры-қары мен алаяқтың құрбанына айналып шыға келу әп-сәтте-ақ екеніне тағы бір көз жеткізгендейміз.

АМАЛЫ КӨП АЛАЯҚ

Жуырда Түркістан облысында полицейлер банк қосымшасы арқылы өзгенің ақшасын өзіне аударып алып, алаяқтық жасаған күдіктіні құрықтапты.

Өткен күзде осы банк қосымшасында тұрған ақша өздігінен жоғалып кетіп, азаматтар ырду-дырду болып, кейіннен ретке келген болатын. Ал біз айтып отырған Түлкібас ауданында орын алған оқиғада тапа-тал түсте белгісіз бір азамат дүкен сатушысын көп-көрінеу алдап соққан. Күдікті кешкі уақытта дүкен иесінің сеніміне кіріп, телефонымен сөйлесіп алуға рұқсат



Жүргізілген жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижесінде, азық-түліктің бірнеше түрін ұрлаған жергілікті тұрғын – әлгі күдікті әйел болып шығыпты. Әлбетте, дереу құрықталған. Тергеу барысында анықталғандай, ол дүкенге келіп, сөмкесіне жасырын түрде қажетті заттарды жымқырып, кассирге байқатпастан, сыртқа шығып кеткен. Қазіргі уақытта аталған жайт бойынша сотқа дейінгі

ТҮЙЕ ҰРЛАСА ДА, ТҮЙМЕ ҰРЛАСА ДА...



тергеу амалдары жүргізілуде. Полицейлер оның басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғын анықтап жатыр.

КӨЛІК ЖУҒЫШ ҰРЫ

Түркістан облысындағы әлдебір көлік жуу орталығында ұрлық болған. Сайрам АПБ-ның кезекші бөліміне жергілікті тұрғын оның автокөлігінен белгісіз біреулер ақша ұрлап кеткені туралы арызданған. Жәбірленушінің айтуынша, Ақсукеңтентінде орналасқан көлік жуу орындарының бірінде оның «Хюндай» маркалы көлігінің ішінде тұрған 50 мың теңге ұрланған көрінеді. Аталған жайтты полиция қызметкерлері ҚР ҚК-нің 188-шы «Ұрлық» бабы бойынша аудандық полиция басқармасының СДТБТ-не тіркеп, күдіктілерді іздеуге кірісті.

Оқиға орнына шыққан жедел-тергеу тобы қылмыс орнын мұқият тексерді. Сондай-ақ полиция қызметкерлері ықтимал куәгерлерден жауап алып, бейнебақылау камераларын қарап, жақын маңдағы барлық аумақты аралап шықты.

Түркістан облыстық полиция департаментінің баспасөз хатшысы Салтанат Қарақозова: «Жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижесінде Сайрам АПБ полицейлері бір тәулік ішінде күдікті ретінде автожуу орнының жұмысшысын ұстады. Ол Сайрам ауданының тұрғыны болып шықты. Жедел уәкілдер ұсталған азаматтан заттай дәлелдеме тәркіледі. Қазіргі уақытта көлік ұрыға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалы жүргізілуде. Күдікті қолхатпен босатылған. Тергеу күдіктінің бұдан басқа да қылмыстарға қатыстылығын анықтауда», – делді.

Р.С. Мұның бәрі былай қарағанда, болмашы нәрсе болып көрінуі мүмкін. Ал сол жағдайды өз басыңнан кешкенде, жан баласына деген сенімнен жұрдай болатының анық. Соңғы кезде тіпті көбейіп кеткен алаяқ пен ұрының құрбаны болмас үшін, бейтаныс

сұрап, жәбірленушіге байқатпай, банк есепшотындағы 90 000 теңгесін өзіне аударып алыпты.

Түлкібас аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері жергілікті дүкен сатушысын алдап, алаяқтықпен айналысқан күдіктінің қылмысын әшкереледі. Полицейлер күдіктіні дүкендегі бейнекамераның көмегімен анықтапты. Күдіктінің тұр-тұлғасына байланысты басқа да полиция құрылымдарына бағыттама беріліпті. Әлгі алаяқ жігіт Шымкент қаласының тұрғыны болып шыққан.

Тексеру кезінде ұсталған азаматтың бұдан бұрын жасаған алаяқтық, тонау, ұрлық қылмыстары бойынша іздеуде жүргені анықталған. Қазір ол темір торға тоғытылды.

Түркістан облыстық полиция қызметінің баспасөз хатшысы Салтанат Қарақозова: «Аталмыш жайт ҚР ҚК-нің 190-шы «Алаяқтық» бабымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша тіркеуге алынды. Түлкібас ауданы полиция қызметкерлері жедел-іздістіру іс-шараларын, бүгінгі таңда сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдарын жүргізуде. Оның басқа да қылмысқа қатысы бар-жоғы анықталып жатыр. Қазіргі таңда күдікті қамауға алынып, тергеу амалы жалғасуда», – дейді.

Осыдан кейін адамша сөйлесіп, алаяқтың тірлігін істеп кететіндерден аулақ жүру қажет болды. Телефонды өзіннен және жақындарыңыздан басқа жан баласына сеніп ұстатпаңыздар.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҰРЛАПТЫ

Дүкенді үптеп кеткен ұры. Түркістан қаласының полицейлері дүкенде ұрлық жасаған әйелді ұстапты. Түркістан КПБ-ның кезекші бөліміне жергілікті тұрғын азық-түлік сататын дүкенінен бірнеше заттарының ұрланғанын айтып арызданады. Жәбірленуші әйелдің айтуынша, мереке қарсаңында оның дүкеніне келушілер саны көп болған.

Сондықтан ұрлықты нақты кім жасағанын анықтау қиынға соққан. Алайда дүкендегі бейнекамерадан белгісіз әйелдің күмәнді іс-әрекеті көзге шалыныпты. Бұл жайт

▼ МАМАН ПІКІРІ ▼



Әлібек ОРАЗӘЛІ,
ІІМ криминалдық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы күрес орталығының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі:

Алаяқтың өдісі көп, мақсаты біреу – сізді арбау. Алаяқтар әрқашан адамдардың сеніміне кіріп, оларды алдау үшін өртүрлі тәсілдерді пайдаланады. Әдетте, олар өз құрбандарын төмен бағамен қызықтырып, уақыттың тығыздығы, сатып алу бағасының төмендігі, қалған тауарларды сату сияқты түрлі уәждермен арбайды. Интернет желісі арқылы шынайы сауда-саттық жасайтындармен қатар, алаяқтықпен айналысатындар да бар.

Baq.kz



өнірлік полицейлермен ҚР ҚК-нің 188-бабы «Ұрлық» бойынша тіркеуге алынып, күдіктінің тұр-тұлғасын анықтауға байланысты жұмыс жүргізіледі. Шығын көлемі 6000 теңгеге жуық.

Полиция қызметкерлері дүкен иесінен, куәгерлерден жауап алып, бейнебақылау камерасын мұқият тексеріп шыққан.

адамдармен әңгімелескенде ерекше сак болу қажет. Әсіресе, дүкендерде және басқа сауда орындарында бейнебақылау камералары мен күзет дабылы орнатылуы қажеттігін естен шығармаған абзал.

Мәриям АЙТБАЙ,
Түркістан облысы

Аймақ ақпарат

АЯЗДЫҢ ӘЛЕГІ



СУ ҚҰБЫРЫ ҚАТЫП ҚАЛДЫ

Қыс қысып тұр. Алматы облысының тұрғындары аяздан қатып қалған су құбырын жылыту үшін үстіне от жаққан.



АУЫЗ СУДАН ТАРЫҚТЫ

Қыс көзі қырауда сарыағаштықтар ауыз судан таршылық көріп отыр. Суға жарымаған жұрт амалсыздан жолды жауып тастады. Түркістан облысының Сарыағаш ауданына қарасты Жанатұрмыс ауылының тұрғындары қазір арықтан су ішеді.



ЕРТІСКЕ ҚАМАЛЫП ҚАЛДЫ

Шығыста аяздың беті қайтпай тұр. Семейде қатты суықтан өзен суы көтеріліп, бір үйір жылқы Ертістің ортасында қалып қойған. Құтқарушылар жылқыны қайықпен жағаға алып шығыпты.



ЖОЛ ЖАБЫЛДЫ

Ұйтқыған боран мен сары аяздан жол жабылып, жолаушылар жолда қалды. Алматы облысының Үшарал-Достық тас жолында қарлы-боран салдарынан біраз жолаушы әбiгерге түскен. Секундына 30 метр жылдамдықпен соққан желдің кесірінен тоқтап қалған көліктерді 3 метр қар басып қалыпты. Қазір жолаушылар түгелдей құтқарылды.



ҰРЫ МЕН БӨРІ ҚҰТЫРДЫ

Боранды күні ұры мен бөрі құтырады. Жамбыл облысында қалың тұманды күні ұрылар 50-ге жуық жылқыны айдап кеткен. Күдіктілер жылқымен бірге құрықталды.



ҚАЗЫНА

Қай халықтың да өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Кейбірі заман ағымына сай жаңарып, жаңғырып отырады. Кейбірі мүлде ұмытылып, санадан өшеді. Ендеше ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді еске түсірейік!

БЕС ЖАҚСЫ

«Бес жақсыға» мыналар жатады:
1. Қара нар 2. Жүйрік ат 3. Қалы кілем 4. Алмас қылыш 5. Бұлғын ішік.
Елдің аса құрметті, беделді адамдары арасындағы достық, сыйластық қарым-

арнап «белкөтерер» дайындалады. Белкөтерер жұмсақ, дәмді, нәрі мол қазы, жент, сары май, бал, қымыз, ақ ірімшік, сияқты тағамдардан әзірленеді. Оны балалары, көрші-қоландары, сыйлас кісілер әдейі дайындап әкеледі. Риза болған қарттар батасын береді.



Ұмыт болған салт-дәстүр

БІЗ ШАНШАР

қатынастарда сый-сияпат немесе құдалар арасындағы қалың мал, киіп орнына да жүрген. Бес жақсының бір түрінің өзі 4-5 жылқыға бағаланған.

Бес жақсы түріне, дәрежесіне қарай «бас жақсы», «орта жақсы», «аяқ жақсы» болып үшке бөлінеді.

БЕЛКӨТЕРЕР


«Тоқсан — көремін деген жасым ба еді, быламық — ішейін деген асым ба еді» деп баяғының қариялары айтқандай, жасы жеткен адамдар тісі болмаған соң тамақ жей алмайды. Бірақ құнарлы ас ішуі керек. Сондықтан оларға

Кен-байтақ еліміздің даласында салт-дәстүрлердің қызықты түрлері көп. Бірақ олар бір-бірінен онша алшақ емес. Соның бірі — «біз шаншар». Еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында «жаушы» орнына осы «біз шаншар» салты қолданылады. Ақсақал-қарасақалы аралас бір топ ер-азамат бойжеткен қызы бар үйге түсе қалады. Қандай шаруамен жүргенін айтпайды, ел шаруасын, амандық білген болып, қонақасын ішіп аттанып кетеді. Әдеп бойынша ел ішінде бір топ адам бұлай жүрмейді. Олар кеткеннен кейін отағасы мен анасы қонақтар отырған жерді қарап, одан шаншулы бізді тауып алады. Бұл «бізде ұл, сізде қыз бар, құда болайық» дегенді білдіреді.

Ғ. АМАНОВАНЫҢ

(«Халықтық педагогика-далалық мектебі» кітабынан)

ЖАС ҚАЗАҚ ҒААБЕРЖЕСЫ



Таудағы ерекше құбылыс



Фото авторы: Сұңқар ҚАРАБАЛИН

ЕСІКKE ААВ

Қаралы хабар жексенбі күні жетті. Сайрап Чулагов қайтпас сапарға аттанды дегенге біртүрлі сенгін

Өмірінің мәні еді



1987 жылы Алматыдағы жоғары оқу орындары арасында футболдан өтетін қала біріншілігінде ҚазГУ командасы жеңімпаз атанды. Финалдық ойында Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институтындағы болашақ футболшылардан құралған СКИФ командасынан басым түстік. Жәніс голын тағы бір курстасымыз, Германия кәсіпқой футбол клубының болашақ жұлдызы, ауғанстандық Қайұм Мұхаммед салды. Басқа мамандықты тандасак та,

келмейді. Өмір бойы футболды серік еткен журналист досымыз ердің жасы елуін төріне енді аяқ басып еді. Бірақ атауының ар жағынан әлі де ажал сығалайтын «пневмонияны» естігенде еріксіз илануға мәжбүрсің...

Езуінен күлкі кетпейтін жайсаң жігітпен таныстығымыз 1983 жылдың күзінде басталған. Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің табалдырығын енді аттаған кез. Бір күні аудиторияға жоғары курстың студенттері келді. Журфактың командасы соңғы бірнеше жыл бойы университет чемпионы екенін, оның құрамы жаңа ойыншылармен толығып отыратынын айтты. Ойнағысы келетіндерді алаңға шақырды. Әркімнің шеберлік деңгейіне қарайды екен. Іріктеуден өткендер ғана қабылданады. Екіге бөлініп ойнадық. Ойын біткен соң бұйра шашты сары бала екеумізді шақырып алып, «Сендер сынақтан өттіңдер. Жақында жарыс басталады. Соған келіңдер» деді. Сол жерде таныстық. «Джон» деді жыммып. Шын есімі Сайрап екенін кейін білдік.

Көп өтпей, университет біріншілігі басталды. Ол кезде студенттер спорт, әсіресе, футбол десе ішкен асын жерге қояды. Шевченко мен Масаншы көшелерінің қиылысындағы «Медик» стадионына тайлы-туяғымен ағылады. Журфак бұл жолы да топ жарды. Гений Төлегенов, Еркем Тұрсынов, Валерий Рудаковтар кәдімгі кәсіпқой спортшылардан бір кем емес. Гений 5-курсқа оқып жүргенде «Жетісу» командасының сапында өнер көрсетті. Сабақтан кейін Талдықорғанға жол жүріп бара жататын. Ал шабуылшымыз Джон футбол техникасын тәп-тәуір меңгеріпті. Әсіресе, ұшып келе жатқан допты кеудесіне жұмсақ қондырады да жерге түсірмей, аяқтың алқымына отырғыза қояды. Содан кейін көзді ашып-жұмғанша, қақпаның төменгі бұрышына бағыттайды. Қай заманда да қақпашыны қапы қалдыратын ғаламат соккы.

Жарыс аяқталған соң үстінде ұзын плащ, басында шляпасы бар, түсі суықтау, егде жастағы бір кісі қасымызға келді. Бізді иегімен нұсқап, «Сен екеуім менің тобыма қабылдандыңдар. Аптасына үш күн жаттығуға келесіңдер» деді. Ол кісінің кім екенін сұрастырдық. Сөйтсек, Корея, Қазақстан және Өзбекстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, атакты Андрей Буревич Чен Ир Сонның өзі болып шықты. Джон екеуміз сабақтан кейін стадионға тартамыз. Білікті бапкерден футболдың техникасы мен тактикасын, әсіресе, аланды көре білу, ең ыңғайлы әрі ұрымтал орыннан табылу үшін допсыз жүгірудің қаншалықты маңызды екеніне көз жеткіздік. Әріптесімнің де шеберлігі шындала түсті.

Бірер жылдан соң екеумізді университет құрамасына шақырды.

өмірді футболсыз елестете алмайтын біздер үшін бұл спорттағы алғашқы жетістігіміз еді. Мұнда да Джон досымыздың үлесі сүбелі. Алаңдағы ең қиын да шиеленісті сәттердің өзінде кейбіреулер секілді күйзелеткемей, жарқын күлкісімен, әдемі әзілімен командалас серіктерін қайрап, күш-жігер беріп отыратын.

Сайрап университеттегі оқуын аяқтап, өзінің туған мекені Есікке оралды. Еті тірі, іскер жігіт кәсіпкерлікпен айналысты. Бизнесітегі өрісін Түркияға дейін кеңейтті. Сүйікті спорттың қол үзбеді. Бертін келе ардагерлер біріншілігінде өнер көрсетті. Десек те, оның ауыл спорты өркендеуге қосқан үлесін айрықша атап өткен жөн. Ойын-сауыққа, шетелде қылдыруға үйір біздегі байшықештер сияқты емес, қаржысын «Босфор» және «Дорожник» клубтарын құруға жұмсады. Футболға бейім өрендерді баулыды. Ол Есікте шеберлер клубы құрылса деп армандайтын. Осы арада белгілі футболшы Гений Төлегеновтың мына бір пікірін келтіре кетейік: «Ол (Сайрап) бір жолы мені өзі ұйымдастырған футбол турниріне шақырды. Ауыл балаларының әдемі ойынына, құштарлығы мен құлшынысына сүйсініптік. Ол жүзде тапсыру рәсімінен кейін «Бізде дарынды балалар көп. Тек оларға жағдай жасау қажет. Қазір Қазақстан құрамасы сапында Генрих Шмидтгаль ойнап жүр. Есіктің тумасы ғой. Бізде қарым-қабілеті одан да асып түсетін жастар бар. Бірақ сол неміс жігітін шындаған жоғары деңгейдегі жарыс та, оны өткізетін лайықты стадион бізде жоқ. Егер ол Германияға кетпегенде көптің бірі болып қалар еді» деді мұнайып.

Ал біздің атқамінерлер бұқаралық спорттың дамып жатқанын, жыл сайын кыруар қаржы жұмсалатынын айтудан шаршамайды...



Бір жолы Алматыдағы стадионда кездесіп қалдық. Алаңда ойнап жүрген бір баланы көрсетіп, «Қарашы, менің балам қалай ойнайды!» деді кеудесін мақтанш кернеп. Әлгінің қимылы мен машығынан студент кездегі Джонды қайта көргендей болды. Әкесінің тәлім-тәрбиесін көрген Самит біраз белесті бағындырып үлгеріпті.

Қазақстан жасөспірімдер құрамасында, бірқатар клубтарда өнер көрсетіпті. Сол сәтте ұлының алаңдағы әр қимылын қалт жібермей, арасында дауыстап, кеңес беріп отырған бақытты әкесінің соңғы рет көріп тұрмыз деп кім ойлаған?

Қош бол, қимас дос!

Командалас достары атынан Срайыл СМАЙЫЛ

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәрия АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2244;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқалының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № КЗ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.